

№14 Дәріс. Саяси уақыт және оның мәні

Дәрістің мақсаты: Саяси уақыттың негізгі әлеуметтік мүмкіндіктерімен оның ішкі логикалық байланыстарын студенттерге жан жақты түсіндіру.

Дәріс жоспары

1. Саясат философиясындағы саяси уақыт тұжырымының маңызыдылығы.
2. Кеңістік-уақыттың саяси әлеуметтік негізі.
3. Саяси уақыттың негізгі өлшемдері

Кеңістік-уақыт мәселесі бүгінде қоғамдық ғылымдарда кезінде жаратылыстану ғылымы классикалық механикадан кванттыққа өту кезіндегідей жағдайды бастан кешіріп жатыр. Қоғамдық ғылымдар қазіргі қоғамда қалыптасқан тәсілдер секілді кеңістік-уақыт мәселесін қарастыратын біртұтас тәсілдің жоқ екенін көрсеткен. Кеңістік-уақыттың әлеуметтік формаларының жіктемесі саясаттану ғылымының маңызды міндетіне айналды, өйткені бір қоғам ішіндегі түрлі қоғам мен топтардағы кеңістік-уақыттың спецификасын түсінбейінше заманға сай саяси талдау, болжам жасау, шешім қабылдау теориясын тұжырымдау мүмкін емес. Қалыптасқан тоқырау құрсауынан шыққан қоғамдардың даму қарқыны әртүрлі келеді, сондай қоғамда экономиканың әрбір секторы және әлеуметтік топтың да даму қарқыны біркелкі болмайды. Экономиканың авангардтық және авангардық емес салалары ақпараттың екі түрін жасап шығарады, оның бірі қажетті – өндіріс процестерін қамтамасыз етуге жеткілікті, екіншісі «қосымша», яғни өзге әлеуметтік топтар есебінен алынатын. Алайда бұл тарихи дамудың авангардтық топтар мен кластардың тарихи дамудың ғана басымдығын – прогрестің монособъектілі парадигмасын білдірмейді. Ол ұғым диалог мен өзара ықпалдастыққа қабілетсіз авторитарлық түсініктің сарқыншағы ретінде қарастырылады. Тарихтан белгілі, монологтық дамудың, жарқын болашаққа біртіндеп қол жеткізудің жобалары жүзеге аспайтыны дәлелденген. Әлеуметтік-саяси тәжірибе топтық өзара ықпалдастық тәжірибесін көрсетеді. Оның нәтижесі де монологтық үлгіден ерекшеленеді. сондықтан шынайы кеңістік-уақыт жоспарланбаған өзара ықпалдастық пен түзетулердің жанама ықпалынан тұратын жалпы нәтижеден ерекшеленіп тұрады.

Бұл уақыт ырғағына да, кеңістіктік локализацияға да байланысты. Қоғамның кейбір топтарының шынайы кеңістік туралы түсінігі олардың тұрғындардың жалпы санына шаққандағы түсінігінің үлес-салмағынан басым түседі. Олардың ықпалы олармен тікелей байланысқы түсіп жүрмеген өзге де қоғам таптарына да тиеді. Бірінен-бірі қашық жатқан өзара ықпалдастық пен аса байқалмайтын әлеуметтік-мәдени ықпалдардың да әсері болады.

Жалпы айтқанда, түрлі әлеуметтік топтың тарихи тағдыры олардың кеңістік-уақытпен континуумының ерекшелігіне қарай анықталады. Белгілі

бір топ баяу уақыттық ырғақты таңдаса, одан да қарқынды топтардың енуі нәтижесінде оның қалыптасқан кеңістігі тарыла түседі. Осы заңдылық бойынша қазіргі әлеуметтік өмірдің аса бір драмалық қырлары көріне түседі.

Ресейде хроносаясат және уақыт мәселесі елдегі жағдайдың өркениеттердің арасындағы (Батыс пен Шығыс арасындағы) байланыста барынша өткір көрініс табуда. Уақыт тұрғысынан бұл тоқырау мен апат (уақыттың үзілуі) жағдайына байланысты драматизм; кеңістік тұрғысынан жоспарланбаған геосаяси ілгерілеудің қаупі. Кез келген ірі қоғамдық реформа Шығыс пен Батыс, Солтүстік пен Оңтүстік осіндегі елдердің жағдайын байланыстырып тұрған тетіктерді әлсіретіп жібереді. Осыдан геосаяси кеңістіктің қиындықтары мен тарылуы туындайды. Жағдай тіпті мемлекеттің тарқауына дейін баруы мүмкін. Мұны игі жоспармен басталған реформалық бастамалардың жанама салдары ретінде қарастыруға болады. Елді тұрақтандырудың кеңістік-уақыт мәселесі, циклдық-үзіліс уақытынан сызықтыққа өту мәселесі қазіргі реформаның стратегиялық міндеттерінің ең маңыздысының бірі ретінде көрініс табады.

Әлеуметтік уақыт типтерінің плюрализмі. Қазіргі әлемнің негізгі уақыттық дихотомиясы әлеуметтік уақыттың *сызықтық* және *циклдық* дихотомиясында болса керек.

Батыс өркениетінің ерекшелігі уақыт шеңберімен айналып жүре бермей, уақыттың сызықтық-кумулятивтік типін меңгергендігінде. Парадокс «шығыс уақытының» түрлі оқиғаларға: соғыстар мен жаулау, бір мемлекеттерді жаулау, екіншісінің үстемдікке ие болуымен жаңа діндер мен қоғамдық қозғалыстардың пайда болуымен, Шығыстағы геосаяси жағдайларға байланысты, Батысқа қарағанда әлдеқайда жоғары, драмаға толы екендігінде. Алайда мәселе мынада, драматургияның барлығы жетекші орындағы қайта тарату принципі аясында көрініс табады. Бұл принцип тарихи уақыт бір уыс картаны қайта-қайта сапырып жатқандай әсер қалдырады. Ал қоғамдық принцип нөлдік сомамен ойнау ретінде көрінеді, демек бірін көтеру үшін екіншісінен алу жүзеге асырылады. Бұл жүйеде «тұрақты өндіріс тәсілі» не мүлде ілгерілемейді, не баяу ілгерілейді, сондықтан әлеуметтік ілгерілеу энергиясы әлеуметтік құлдырау (босау) энергиясына тең. Абсолюттік шыңға жеткесін, тарих шамшырағы кері бағытта жүре бастайды. Шығыстағы мемлекеттердің күшті болуының құпиясы осында. Ал батыста тек АҚШ қана аса мықты держава биігіне көтеріле алған. Мұндай үстемдік жағдайында үлестіру принципінің жүзеге асуы туралы айтсақ, мемлекет ресурстарды үздіксіз тарату арқылы өз өмірін ұзарта алады.

Батыс болса, өмірдің белгілі бір аспектісінде циклдық уақыттан шығып, сызықтық, кумулятивтік уақытқа ауыса алған жер бетіндегі өркениеттің ерекше типінің үлгісі бола алады. Батыс өркениетін зерттейтін институттар қоғамнан алынатын ақпаратты шоғырландырып, өндірістік және әлеуметтік саладағы қалыптастырушы технология көзіне айнала алады. Қазіргі қоғамдық ғылым бұл құбылысты әлі аша алмады. Қалай болған жағдайда да ең негізгі шындық күмәнсіз мойындалған. Біріншіден,

логикалық дискурсты мойындау керек – заңдарын гректер ашып кеткен логикалық ойлау заңдылықтары. Логикалық ойлау белгілі бір ұжымдық ойсыз сенімге балама бола алады. Логика арқылы тұлға көпшіліктің ұстанымына қарамастан өзінің пікірінің дұрыстығын көрсетіп дәлелдей алады. Логика индивидке ұжымдық сенімдер мен мифтердің бәрін жақшаға алып, шындықпен бетпе-бет келуге мүмкіндік береді. Бұл адамның табиғатындағы ойлау мен танымға ешқандай зиян келтірмейді. Бірақ логика арқылы бірімен-бірі қарым-қатынасқа түсіп жатқан екі адамның арасында байланыс звено орнайды, екеуінің біріне-бірінің симпатия, я антипатиясын тудыратын емес, өз бетінше өмір сүре алатын қасиетін білдіреді. Алғашқы қауымдық құрылыс тұсында қалыптасқан мифологиялық түсінікті теріске шығарған сәйкестік ($A = A$), тиісінше негіздеу (егер A болмаса, онда B), үшіншісін терістеу (A немесе $\neg A$) заңдарын мойындады.

Батыс линзасының шоғырландырған екінші кристалл иудей-христиан монотеизмімен байланысты. Көпқұдайшылықты мойындаған табиғаттың орнына заттар мен құбылыстардың бәріне әмірін жүргізетін, табиғатты билеу құқығын тек адамға берген шексіз құдырет иесі Құдайды мойындаған түсінік қалыптасты. Ертедегі құдайлардың игілігінде деп саналып келген табиғат енді адамның қолына өткесін құралға, байлыққа толы сандыққа, еңбек құралына айнала бастады. Сөйтіп әлемге *инструменталдық қарым-қатынас* орнатқан терең әлеуметтік-мәдени алғышарттар қалыптаса бастады. Құрал болып саналатын ақпарат құндылықтар қатарына жататын ақпараттан ерекшелене түсті. Ертедегі мәдениеттер құндылықтар әлеміне жататын қайталанбас ескерткіштер жасай алды, бірақ олар құндылықтар әлемін құндылықтық-бейтарап құралдардан ерекшеленетін бөлу құпиясын меңгермеген еді. Батыстың келесі жаулауы жаны тұтастай ұжымға жатпайтын, соның ішінде еріп жоқ болмай, тау салаларының сырына қана алатын автономиялық тұлғаны қалыптастыруға қатысты. Интенсивтіні экстенсивтіден, жаратылысты белгілі, қалыптасқаннан ерекшелейтін бастау дәл осы тұста қалыптасты. Ерекше еңбектің түрі болып саналатын шығармашылық еңбек әлсірей түсті. Ұжымдық еңбек ресурстарды үлестіреді, қолда бар, белгіліден комбинация жасайтын шығармашылық еңбек жоқтан бар жасайды. Қол еңбегінен ақыл-ой еңбегін ажыратып көрсетіп берген Кант болатын. Өнердегі жасампаз бен ғылым адамын айқындап берді. Талант трансцендентальды сала – априорлық ұжымдық нормаларда көрініс табады, гений трансцендентальды саладан күш алады. Таратушы еңбек тұрғысынан кез келген ресурс сарқылатын болып саналады, сондықтан да кез келген қоғам егер жаңа кеңістіктерді игеруді бастамаса, қоныс аударуға мәжбүр болады. Шығармашылық еңбек тұрғысынан келетін болсақ, мәселе жаңа кеңістіктен белгілі ресурстарды табуда емес, сол кеңістіктен сапасы жоғары жаңа ресурстарды табуда. Жер өңдеу тұрғысынан келетін болсақ, Жер ғаламшары неосаяси дәуірдің басында қайта қоныстандырылған болатын. Қазіргі ауылшаруашылық технологиялары тұрғысынан барша адамзатты тамақтандыру алу үшін Жер шарының өңделіп жатқан бөлігінің небәрі 5–7% жеткілікті.

Сызықтық уақыт туралы айтқанда, бір жағынан, өмірдің орташа ұзақтығына, еңбектің өнімділігіне, жан басына шаққандағы ұлттық кіріске қатысты тіркелген статистикаға қатысты ұзақмерзімді кумулятивті процестер туралы айтамыз. Батыста соғыс өрті тұтап, көтерілістер болып, режим алмасып, ұстанымдар өзгеріп жатты, бірақ соңғы екі жүз елу жылдың көлемінде ол көрсеткіштер біртіндеп көтеріле бастады. Сәйкесінше экономикалық және демографиялық процестер белгілі бір деңгейде өз шеңберіне орала беретін циклдық уақыт шеңберінен шықты, жаңа, сызықтық уақытқа көшті. Бұл үлестіруші емес, *өнімді* уақыт. Қоғамдық процестердің көпшілік бөлігі Батыста да бұрынғысынша циклдық уақыт бойынша келе жатыр. Сызықтық уақыттың ішінде де циклдық уақыттың белгілі бір белгілері әлі сақталған. Айталық, экономикалық немесе сабақтас циклдар түрінде, я болмаса күтпеген жерден өмірдің кейбір салаларында орын алатын «артқа шегіну» түрінде көрініс табады. Батыстың көптеген саяси институттарын және қоғамдық өмірін антиэнтропиялық, қоғамың сызықтық уақыттан циклдыққа ауысуына кедергі жасайды деп санауға болады. Мәселен, соған қатысты мынадай ереже бар. Ол бойынша барлық мүддені толық қамтитын партия-саяси өкілеттілігінің жүйесі неғұрлым толық болса, болашақта кері реформаны талап ететін шешімдер қайтарымсыз болуының ықтималдылығы соғұрлым жоғары болады. Керісінше, авторитарлық режимдер, белгілі бір топтың монополиясына қолдау көрсететін ригидтік қоғамдық құрылымдар циклдық уақыт бойынша жүруге мәжбүр болады. Өтпестей көрінген белгілі бір уақыт аралығынан кейін қарқынды ілгерілеу басталып, жаңа төңкеріс, жаңа монополия етек алады, одан кейін жаңа кезең басталуын күтеді.

Қоғамдық құрылымдардың икемділігі, үздіксіз шағын өзгерістерге жол беруші жүйенің ашық болуы циклдық уақытта тыныштықта кенеттен болатын болатын төңкерістерден сақтайтын кепілдік болып табылады.

Жалпы алғанда, үздіксіз кумулятивтік эффектілермен байланысты сызықтық уақыттың төңкерістен артықшылығын мойындап, маңыздылығының артып отырғанын айтып өту керек. Уақыт көрсетіп отырғандай, ол қоғамды сілкінетін, өмірді мүлде өзгертетін циклдық уақыт фазаларынан артық.

Бұл тұрғыдан сызықтық уақыт «үлгілі» болып табылады әрі көптеген қоғамдық институттардың эволюциясын сызықтық уақытқа қарай ойысу деп бағалауға болады.

Алайда сызықтық уақыттың ең жоғарғы кепілдігі шығармашылық болып табылады, қоғамдық өмір шығармашылықтан ажыраған жағдайда ресурстық потенциал сарқылып, өкшелес фазаға жақындайды.

Саяси уақыт пен өмірдің келесі қиыншылығы түрлі қоғамдық процестер уақытының теңдігі, әсіресе модернизация дәуірінде, талаптанған бағытқа ұмтылу, алайда болашақ жайы беймәлім.

Жекелей айтқанда, түрлі елдегі модернизация тәжірибесі экономикалық қайта құрулар мен жаңа институционалдық-басқару жүйелері мен инфрақұрылымдардың қалыптасуына түрткі болатын саяси қайта

құрулардың уақыты қарқынды болып табылады. Сондықтан басқарушы элита процесті бақылай алатын болса, қоғамға және экономикаға бейімделу үшін саяси өзгерістерді тежеуге тырысады. Бәрінен баяу жүретіні ұлттық сананың архетипінің өзгеруіне байланысты түбегейлі әлеуметтік-мәдени процестер. Сондықтан да жаңа әлеуметтік-саяси формаларды қабылданымен, қоғам ескі әлеуметтік-мәдени мазмұнмен өмір сүре береді.

Айталық, бұрын бай болса, оның орнына аудандық комитет басшысы келеді, бірақ ескі психология белгілері сақталып қала береді.

Егер жылдам процестер уақыты босқа кететін болса, басқа қарқынмен жүретін өзге процестер одан да баяу жүретін болады. Бір жағынан, толық теңсіздік, уақыт ағысы, қоғамның тұрақсыздануы болады, екіншіден жаңа формалар ескі мазмұнға толып, баяу уақыт қарқынымен жүретін басқа да салаларға қатысты.

Бүгінде Ресейде идеологиялық салада саяси саладағы қайта құрулар саяси кеңістіктің тұтас бет-бейнесін өзгертті, саясат ұлттық мәдениеттің ұзақ мерзімді ұстанымдары мен архетиптеріне қатысты қарқынын арттырды.

Саяси процеске тікелей ықпал ететін уақытша үйлесімсіздік туындататын себептердің бірі тұрғындардың түрлі таптарының арасындағы даму қарқынының алшақтығы, соның салдарынан қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктер, сондай-ақ қоғамдағы «тіке» әлеуметтік белсенділік болып табылады. Қазіргі бұқаралық қоғамда дәстүрлі таптық кедергілер жоқ болғандықтан, олар тек топтық сипатта көрінетіндіктен, әлеуметтік имитация заңы үстемдік етеді: қоғамдағы танымал топтардың өмір стандарттарын басқалары қайталауға тырысады. Әр топтың әлеуметтік ерекшелігі оның қазіргі жағдайын ертеректегі жағдайымен салыстырудан емес, «алда келе жатқан» топтардан алшақтығына қарай белгілі болады. Нәтижесінде талаптану уақыты тым қарқынды болып шығады. Жалпы әлеуметтік-мәдени болмыс пен тұтыну стандарттарын құрап тұрған ілгері топтар дәл қазіргі уақытқа сай болады. Олар – ерекше, орташа уақыттың өкілдері, тарихтың алғашқы бастауларынан, утопияны көксейтін төңкерісшіл бастамалардан алшақ. «Аралық» уақыт кейбір көрсеткіштер бойынша сызықтық уақытқа ұқсайды. Барлық әлеуметтік әділетсіздіктерді тоқтататын, бәрін өз орнына қойып реттейтін төңкерістердің, жарқын болашақ үміті тәжірибесі ертеңге қалдырылған міндеттердің нигилизміне өту қаншалықты қиын екенін көрсетеді, адамдарың «жарқын болашақтан» үмітіне ерік беріп, оған қол жеткізу үшін «уақытша құрбандықтарға» барады. Шағын істердің бәрін ысырып, «төңкеріс күйіне» бой алдырып, «прогреске апаратын» ғарыш эпопеясы, өндіріс пен әлеуметтік өмірдің жекелеген салаларындағы алшақтық тым үлкейе бастады. Қарапайым адамдардың күнделікті өміріндегі қажеттіліктерге, халықтың тыныштығына кедергі жасайтын «ерекше прогресс» феномені пайда болды. Табиғат пен адам өміріне зиянын тигізген, күнделікті өмірді тоқырауға ұшыратқан сызықтықтан циклдық уақытқа өту қайтымдылық эффектісі ретінде көрінеді. Жасампаздық жұмыстары «аралық уақыттан» ажырамаған, «жарқын болашаққа» қол жеткізгенге дейін тоқтамаған қоғамдарда ғана қоғамдық эволюция сызықтық уақытқа жақын

болды. Протестанттық елдер Солтүстік Еуропа, Скандинавия, Солтүстік Американың да даму жолы да осы бағытта болды.

Жетекші топқа жатпайтын топтардың уақытын қайсысына жатқызуға болады? Мұнда кең мағыналы дифференциация байқалады.

Өздерін жетекші топтардан ерекшелеп тұрған ерекшелігін сезінбейтін топтар өзін жеделдетуші *жылдамдатылған уақытқа* сәйкестендіреді. Бұған мысал ретінде қазір әйелдер ерлерге қарағанда жоғары білімді жақсы меңгереді. Демек, оларда жылдамдатылған уақыттың қарқынды арттыратын ықпалы байқалады. Солай кейбір этникалық топтар өткен өмірдегі жіберіп алған кемшіліктерінің орнын толтыру мақсатында «сәнді мамандықтарды» басқаларға қарағанда жылдам меңгеруге тырысады.

Жылдамдатылған уақыттың мұндай сипаттарын төменгі статусы қанағат тұтпай, барынша жылдам биіктерді бағындыруға тырысатын жастардың әрекетінен байқауға болады. Жылдамдатылған уақыттың мұндай процестері сондай-ақ осыған дейін қатарынан қалып келген, үстемдікке ұмтылатын қоғамдардан байқалады. Жылдамдатылған уақыт мақсатына қол жеткізген топтардың әлеуметтік флегматизміне контраст тудыратын шығармашылық бәсекелестік қызығушылығымен байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смирнов Б.А. Политическая сфера общества. М., 2010
2. Поздняков Э.А. Философия политики. М.,2014
3. Дугин А.Г. Философия политики М., 2012
4. Анджей Шахай, Марек Якубовски. Философия политики. М.,2011
5. Гаджиев К.С. Политическая философия. М.,2009
6. Панарин А.С. Философия политики М.,2008
7. Пернацкий В.И. Философия политики и права. Учебное пособие.М.,2012
8. Касымжанов А.Х. Портреты: Штрихи к истории Степи Вып.1 Алматы:Ун-т "Кайнар",1995
9. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV-XXвека.Алматы: Ғылым,2001
- 10.Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. – Алматы, 2005-2008
- 11.Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: оқулық / Дж. Реале, Д. Антисери ; ред. Т. Х. Ғабитов. – Алматы., 2012.
12. Мырзалы С.Философия– Алматы, 2008.
13. Хасанов М. Петрова В.Джамбаева Б. Философия. А.,2014ж
14. Татьяна Хвостовицкая. Philosophy and Politics / Философия и политика. М.,2009
- 15.Гуторов В.А. Философия политики за рубежа тысячелетий : судьба классической традиций. Полис. 2001
- 16.Василенко И.А. Политическая философия. М.,2004. 204-с
- 17.Гобозов И.А. Философия политики. 1998. - 154 с
- 18.Каспэ С. Политическая форма и политическое зло. 2016. — 216 с